

## Ғылым туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі N 225 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпанды N 407-IV Заңымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР 2011.02.18 N 407-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **МАЗМҰНЫ**

Осы Заң ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, ғылыми және ғылыми-техникалық сала субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

## **1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ғылым - табиғат, қоғам және ойлау зандарын зерделеу, табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында болмыс туралы объективті білім-білікті тұжырымдау және теориялық жағынан жүйелеу функциясы болып табылатын адам қызметінің саласы;

2) мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат - әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі, ол мемлекеттің ғылыми және ғылыми-техникалық қызметке қатынасын білдіреді, әртүрлі ұйымдардың ғылым мен техника ғылыми-техникалық жетістіктерді іске асыру, жаңа технологиялар жасау саласындағы, оның ішінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатындағы қызметінің негізгі мақсаттарын, бағыттарын, принциптерін, нысандары мен әдістерін белгілейді;

3) уәкілетті мемлекеттік орган - ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) ғылыми-зерттеу қызметі (бұдан әрі - ғылыми қызмет) - зерделеніп отырган объектілерге, құбылыстарға (процестерге) тән ерекшеліктерді, зандылықтар мен зандарды анықтау мақсатымен қоршаған болмысты зерделеуге және алынған білімді практикада пайдалануға байланысты қызметтің түрі;

5) ғылыми-техникалық қызмет - технологиялық, инженерлік, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық және өзге проблемаларды шешу үшін жаңа білім алуға

және оны қолдануға, ғылымның, техниканың және өндірістің біртұтас жүйе ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған қызмет;

6) іргелі ғылыми зерттеулер - табиғат, қоғам, адам дамуының және олардың өзара байланысының негізгі зандалықтары туралы жаңа білім алуға бағытталған теориялық және (немесе) эксперименттік санаткерлік қызмет;

7) қолданбалы ғылыми зерттеулер - практикалық мақсаттарға қол жеткізу және нақты міндеттерді шешу үшін жаңа білім алуда және оны қолдануға бағытталған қызмет;

8) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің жаңа білімді немесе жаңа шешімдерді қамтитын, кез келген ақпарат жеткізуінде тіркелген және қолдануға арналған объективтендірілген нәтижесі;

9) инновациялық қызмет - нәтижесі экономикалық өсу мен бәсекелестік қабілеттілігі үшін пайдаланылатын жаңа идеяларды, ғылыми білімді, технологияларды және өнім түрлерін өндірістің түрлі салаларына және қоғамды басқару салаларына енгізуге бағытталған қызмет;

10) ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілері - ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар;

11) ғылыми-зерттеу институты - білімнің белгілі бір саласында ғылыми қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

12) гранттар - грант берушілер мен грант алушылар арасындағы шартта көзделген талаптармен нақты ғылыми зерттеулер жүргізуге арнап өтеусіз және қайтарымсыз берілетін ақша және өзге мүлік;

13) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама - ғылыми-техникалық прогрестің аса маңызды мәселелері бойынша қабылданатын шешімдердің негізділік деңгейін айқындау мақсатымен сараптама объектісіне тәуелсіз талдамалық баға алу үшін уәкілетті мемлекеттік орган ұйымдастыратын бағалау жұмыстары мен қорытындылар жүйесі;

### **РҚАО-ның ескертуі!**

**14) тармақшаға 2011 жылғы 1 қантарда өзгерту енгізіледі - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 320 Заңымен.**

14) ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды мемлекеттік аттестаттау - магистрдің, философия докторының (PhD), бейіні бойынша доктордың академиялық дәрежелерін, доцент және профессор ғылыми атақтарын беру жөніндегі, бұларды алу үшін ізденушілерге бірыңғай талапты қамтамасыз ететін бағалау жұмыстарының жүйесі;

15) аккредитация - уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік емес ғылыми ұйымның бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының заңдарында

белгіленген тәртіппен ғылыми және ғылыми-техникалық салада жұмыстар жүргізу құқықтылығын ресми тануы;

**РҚАО-ның ескертуі!**

**16) тармақшаға 2011 жылғы 1 қантарда өзгерту енгізіледі - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 320 Заңымен.**

16) диссертациялық кеңес - республиканың ірі ғылыми орталықтарының, ғылыми ұйымдарының және жоғары оқу орындарының жаңынан құрылатын, магистрдің немесе философия докторының (PhD) немесе бейіні бойынша доктордың академиялық дәрежесін алуға ұсынылған ғылыми жұмыстарды қарайтын кеңес;

17) ғылым докторы - ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар ізденуші көпшілік алдында диссертация қорғағаннан кейін, диссертациялық кеңестің жасаған ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік атtestаттау органы беретін ғылыми дәреже. Ғылым докторы ғылыми дәрежесі жаратылыстану, гуманитарлық және техникалық ғылымдар саласында іргелі проблемаларды әзірлегені, ірі және аса маңызды теориялық және қолданбалы проблемаларды шешкені үшін, сондай-ақ енгізілуі қоғамның ғылыми-техникалық прогресін жеделдетуге елеулі үлес қосатын техникалық, экономикалық және технологиялық шешімдерді ғылыми негіздегені үшін беріледі;

18) ғылым кандидаты - жоғары арнаулы білімді маман біліктілігіне немесе магистр академиялық дәрежесіне ие ізденушінің көпшілік алдында қорғаған диссертациясы негізінде диссертациялық кеңес беретін және Қазақстан Республикасының мемлекеттік атtestаттау органы бекітетін ғылыми дәреже. Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі тиісті ғылым саласы үшін елеулі мәні бар, ғылымның маңызды қолданбалы міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін міндеттерді шешкені үшін беріледі;

19) ғылыми санаткерлік меншік - жеке (немесе) занды тұлғаның санаткерлік шығармашылық ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне айрықша құқығы;

20) технопарк - жаңа талдамалар жасау мен игеру, қазіргі заманғы жабдықтар мен аспаптарды шығару жөніндегі тапсырыстарды орындаушы, саны аз озық технологиялық кәсіпорындары бар құрылым;

21) технополис - жоғары және аса жоғары технологияларды әзірлеу үшін ғылымды өндіріспен және білім берумен интеграциялау, идеяларды тудыру мен оларды іске асыру үшін қолайлар жағдайлар жасау мақсатында ғылыми-зерттеу және оқу орталықтарымен біріккен ғылымды көп қажетсінетін кәсіпорындар тобы.

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27. N 320 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңдары**

1. Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген және осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері**

Ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

1) ұлттық мұдделерге және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді мақсаттарына сәйкес ғылыми және ғылыми-техникалық дамудың басым бағыттарын таңдау мен ынталандыру және оларды іске асыру үшін ресурстарды жүмылдыру;

2) <\*>

3) ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті, кәсіпкерлік пен ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы нарықтық инфрақұрылымның басқа да нысандарын дамыту үшін қажетті экономикалық жағдайлар жасау;

4) <\*>

5) ғылымды, ғылыми-техникалық талдамаларды, өндірісті және білім беруді интеграциялау;

6) ғылым мен ғылыми-техникалық қызметтің неғұрлым басым бағыттары бойынша біліктілігі жоғары кадрлар даярлау;

7) ғылымды ұйымдастыру мен басқарудың демократиялық нысандарын дамыту, соның ішінде ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру мен іске асыруда мемлекеттік органдардың, ғылыми ұйымдар мен ғылыми жүргішліктердің өзара іс-әрекетін қамтамасыз ету;

8) экологиялық қауіпсіздік талаптарын есепке алу;

9) халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту ;

10) ғылыми-техникалық ақпаратты тарату еркіндігі мен ғылыми- техникалық жетістіктерді насихаттау.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі).

## **2-тарау. ФЫЛЫМИ ЖӘНЕ ФЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ СУБЪЕКТИЛЕРІ**

### **4-бап. Фылыми қызметкер, инженер-техник қызметкер және фылыми қызмет көрсету саласының қызметкери**

1. Жоғары білімі, қажетті біліктілігі бар, фылыми және фылыми-техникалық жұмысты кәсіби деңгейде орындаитын, фылыми және фылыми-техникалық қызметтің жүзеге асыратын ұйымда (бұдан әрі - фылыми ұйым) тиісті қызмет атқаратын жеке тұлға фылыми қызметкер (зерттеуші) болып табылады.

2. Орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар, фылыми және (немесе) фылыми-техникалық нәтижені алуға және оны іске асыруға жәрдемдесетін және фылыми ұйымда жұмыс істейтін жеке тұлға инженер-техник қызметкер болып табылады.

3. Мемлекеттік фылыми ұйымдардың фылыми және инженер-техник қызметкерлері уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен мемлекеттік фылыми ұйымдардың фылыми және инженер-техник қызметкерлерін аттестаттау ережелерінде белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді. Аттестаттаудың мақсаты қызметкердің атқарып жүрген қызметіне сәйкестігін анықтау болып табылады.

4. Фылыми-техникалық қызметке қатысатын және осы қызмет үшін жағдай жасауға жәрдемдесетін жеке тұлға фылыми қызмет көрсету саласының қызметкери болып табылады.

**Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **5-бап. Фылыми қызметкердің құқықтары мен міндеттері**

1. Фылыми қызметкердің:

1) өзінің фылыми және (немесе) фылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің авторы деп танылуына және өнертабыс пен санаткерлік қызметтің басқа да нәтижелеріне өтінім беруге, сондай-ақ санаткерлік меншігін қорғауға;

2) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес өзі авторы болып табылатын фылыми және (немесе) фылыми-техникалық қызмет нәтижелерін іске асырудан түскен табыстарды алуға;

3) өзінің шығармашылық үлесіне сәйкес сыйақылар, көтермелеген сыйлықтары мен женілдіктер алуға;

4) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес фылыми және фылыми-техникалық қызмет туралы шарттар жасасуға;

5) фылыми және фылыми-техникалық салада кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асыруға;

- 6) ғылыми ұжымдарға және басқа да ерікті ғылыми қоғамдастықтарға біріуге;
- 7) республикалық және шетелдік ғылыми қоғамдастықтарға кіруге не сайлануға;
- 8) ғылыми зерттеулерді бюджет қаражаты, ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті қолдау қорлары және өзге де көздер есебінен қаржыландыру конкурстарына қатысуға;
- 9) халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа қатысуға;
- 10) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ғылыми және ғылыми-техникалық нәтижелер туралы ақпараттарға қол жеткізуғе;
- 11) егер ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің мемлекеттік, қызметтік және коммерциялық құпияға жататын мәліметтері болмаса, оларды баспасөзде жариялауға;
- 12) адамға, қоғамға және қоршаған ортаға теріс ықпал жасайтын ғылыми зерттеулерге қатысадан дәлелді себептермен, сондай-ақ моральдық пайымдаулары бойынша бас тартуға;
- 13) ғылыми зерттеулер мақсатына қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға;
- 14) ғылыми біліктілікті арттыруға құқығы бар.

2. Ғылыми қызметкер ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбай, олардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келтірмей, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

## **6-бап. Ғылыми ұйымдар және олардың құқықтары**

1. Қызметінің негізгі нысанасы ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыру болып табылатын заңды тұлға ғылыми ұйым болып табылады.
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы, ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми орталықтар, дербес зертханалар, технопарктер, технополистер және мемлекеттік меншікке негізделген өзге де ұйымдар мемлекеттік ғылыми ұйымдар болып табылады.

Мемлекеттік ғылыми ұйымның құрамынан оның эксперименталдық базасы болып табылатын тәжірибе кәсіпорындарын бөліп шыгаруға болмайды.

Мемлекеттік ғылыми ұйымдар қайта құрылған кезде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің технологиялық бірлігі қамтамасыз етілуге тиіс.

3. Мемлекеттік ғылыми ұйымдар өздерінде бар еңбекке ақы төлеуге арналған қаражат шегінде уәкілдепті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен үстемеақының

, қосымша ақының, сыйлықақының және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдердің мөлшерін белгілей алады.

4. Мемлекеттік тапсырысты орындайтын мемлекеттік ғылыми үйымдардың ғылыми қызметкерлеріне, ғылыми дәрежесі үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органы берген тиісті дипломы болған кезде, ай сайын ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) үшін - бір айлық ең төменгі жалақы және ғылым докторы үшін екі айлық ең төменгі жалақы мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.

5. Мемлекеттік ғылыми үйымдардың ғылыми қызметкерлеріне, еңбекке ақы төлеуге арналған қолда бар қаражат шегінде, ғылым докторларына жыл сайын ұзақтығы 56 күнтізбелік күн, ғылым кандидаттарына және философия докторларына (PhD) - 42 күнтізбелік күн, басқа ғылыми қызметкерлерге - 35 күнтізбелік күн ақы төленетін еңбек демалысы беріледі.

6. Қоғамдық ғылым академиялары, ғылыми-зерттеу институттары, орталықтары, дербес ғылыми зертханалар және жеке меншікке негізделген өзге де үйымдар мемлекеттік емес ғылыми үйымдар болып табылады.

7. Ғылыми үйымдардың:

1) ғылыми қызметтің негізгі бағыттарын дербес белгілеуге;

2) ғылыми зерттеулерді қаржыландыру конкурстарына қатысуға;

3) ғылыми үйымдармен және басқа занды тұлғалармен тікелей байланыстарды дамытуға;

4) бірлестіктерге кіруге, егер ғылыми үйымның жарғысында көзделген болса, Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен филиалдар, еншілес және бірлескен кәсіпорындар құруға;

5) ғылыми еңбектер, мерзімді және сериялы басылымдар шығаруға, деректердің ғылыми-техникалық банктерін қалыптастыруға, ғылыми конференциялар мен басқа да ғылыми іс-шаралар өткізуғе;

6) мемлекетаралық және халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларға қатысуға, шетелдік үйымдармен келісім-шарттар жасасуға құқығы бар.

7) <\*>

**Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.**

## **7-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы - Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшелерін (академиктерін), корреспондент-мүшелерін және елдің жетекші ғалымдарын біріктіретін мемлекеттік ғылыми мекеме, оның қызметінің негізгі бағыттары ғылыми-зерттеу қызметі, ғылымның жай-күйін

талдау және оның дамуын болжау, ғылымды дамытудың және ғылыми кадрлар даярлаудың басым бағыттарын белгілеу, ғылыми-сараптамалық қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру және олардың орындалуын үйлестіру, өз құзыretі шегінде халықаралық ғылыми ынтымақтастықты, инновациялық және инвестициялық қызметті дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы республикалық мемлекеттік мекеме нысанында құрылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жарғыға сәйкес жүзеге асырады. қараңыз.U031208

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының президентін Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы мүшелері жалпы жиналысының пікірін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындауды және қызметінен босатады.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясын Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы жарғыға сәйкес өз мүшелерінің (Қазақстан Республикасы ұлттық Ғылым академиясы академиктерінің, корреспондент-мүшелерінің) сайлауын өткізуі қамтамасыз етеді.

## **8-бап. Қоғамдық ғылым академиялары**

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ғылым мен техниканың тиісті салаларында зерттеулер ұйымдастыратын және жүргізетін қоғамдық ғылым академиялары құрылуы мүмкін.

Қоғамдық ғылым академиялары мемлекеттік органдармен жасалған шарттар бойынша олар үшін ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулерді орындаپ, ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруға конкурстық негізде қатыса алады.

## **9-бап. Ғылыми орталықтар**

1. Ғылыми ұйымдар ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті үйлестіру, материалдық, қаржы және кадр ресурстарын шоғырландыру, сондай-ақ ортақ мүліктік мүдделерді білдіру мен қорғау мақсатында ғылыми (ұлттық, академиялық, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-практикалық, ғылыми-өндірістік) орталықтар болып табылатын заңды тұлғалар құруы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен мемлекеттік ұлттық ғылыми орталықтар - ғылым мен техника дамуының басым бағыттары бойынша ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын, зерттеулерден бастап олардың нәтижелерін өндіріске енгізуге дейінгі бірыңғай технологиялық процесті қамтамасыз ететін ұйымдар құрылуы мүмкін.

Ұлттық ғылыми орталықтар жүзеге асыратын қызметтің нысанасы, мақсаттары мен түрлері олардың құрылтай құжаттарымен айқындалады.

#### **10-бап. Ғылым саласындағы басқа да үйымдық нысандардың дамуы**

Қызметтің негізгі нысанасы ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет болып табылмайтын занды тұлғалар, өздерінің құрылтай құжаттарында баянды етілген міндеттерді шешу үшін өз құрылымында ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыруға арналған ғылыми бөлімшелер құра алады.

### **3-тарау. ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕСІНДЕ САНАТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ**

#### **11-бап. Санаткерлік меншік құқығының объектісі**

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің кез келген ақпарат жеткізушиде тіркелген нәтижесі ғылыми санаткерлік меншік құқығының объектісі болып табылады.

#### **12-бап. Ғылыми санаткерлік меншік құқығының субъектісі**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін шығармашылық еңбегімен алған жеке және занды тұлғалар ғылыми санаткерлік меншік құқығының субъектілері болып табылады.

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін алуға жеке шығармашылық үлес қоспаған, сондай-ақ тек қана техникалық, ұйымдастырушылық және өзге де көмек көрсеткен немесе алынған нәтижеге санаткерлік меншік құқығын ресімдеуге жәрдемдескен тұлғалар ғылыми санаткерлік меншік құқығының субъектілері болып танылмайды.

3. Қызметтік тапсырма бойынша қызметкерлері ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін алған ғылыми ұйым, егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, оны пайдалануға айрықша құқық алады.

#### **13-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне авторлық құқық**

1. Санаткерлік меншік құқығы субъектісінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне авторлық құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен танылады.

2. Егер ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі екі немесе одан да көп тұлғаның бірлескен шығармашылық еңбегімен жасалса, олар тең авторлар болып танылады.

#### **14-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі авторының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы нәтижеге қатысты жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары болады.

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін пайдалануға мүліктік (айрықша) құқықтар Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарымен айқындалады.

### **15-бап. Авторлық құқықты қорғау**

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі авторының құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **4-тaraу. ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТИ БАСҚАРУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

### **16-бап. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті басқару**

1. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті басқару ғылыми ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен ғылыми ұйымдарда өзін-өзі басқаруды қамтамасыз етуді ұштастыру негізінде жүзеге асырылады.

2. Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті мемлекеттік орган арқылы жүзеге асырады.

3. Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында мемлекеттік саясат жүргізуі үйлестіру ісін уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

**Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **17-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыяреті**

Қазақстан республикасының Үкіметі:

1) ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты және оны жүзеге асыру жөніндегі шараларды әзірлейді;

2) Қазақстан Республикасындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын айқындейды;

3) мемлекеттік ғылыми-техникалық даму бағдарламаларын әзірлейді;

4) нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламалардың негізгі тапсырмалары мен көрсеткіштерін бекітеді;

5) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бекітеді;

6) республика үшін аса маңызды кешенді ғылыми-техникалық бағыттар бойынша мемлекеттік үлттық ғылыми орталықтар құрады;

7) Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес мемлекеттік ғылыми үйымдарды құрады, қайта үйымдастырады және таратады;

7-1) Ғылыми үйымдарды аттестаттау туралы ережені бекітеді;

7-2) Мемлекеттік емес ғылыми үйымдарды аккредитациядан өткізу ережелерін бекітеді;

7-3) доценттер мен профессорларға берілетін мемлекеттік үлгідегі күжаттардың нысандарын бекітеді;

8) осы Занға сәйкес ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

9) Ғылым қорын құрады және ол туралы Ережені бекітеді.

#### **10) алып тасталды**

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**18-бап. Уәкілетті мемлекеттік органның және өзге де орталық атқарушы органдардың құзыреті**

1. Уәкілетті мемлекеттік органның құзыретіне:

1) мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

#### **2) алып тасталды**

3) Қазақстан Республикасындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын қалыптастыру;

4) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер саласындағы мемлекеттік үйымдарды құру, қайта үйымдастыру және тарату туралы ұсыныстар енгізу;

4-1) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми үйымдарды қоспағанда, мемлекеттік ғылыми үйымдардың басшыларын, осы үйымдардың ғылыми кеңесінің ұсынымдарын ескере отырып, қызметке тағайындау және қызметтен босату;

4-2) оның мүшелерін сайлау тәртібін қоса алғанда, ғылыми үйимның консультациялық-кеңесші органы туралы үлгі ережені бекіту;

5) алынып тасталды - ҚР 2007.07.27 N 320 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) алынып тасталды - ҚР 2007.07.27 N 320 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) алынып тасталды - ҚР 2007.07.27 N 320 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми үйымдарды қоспағанда, ғылыми үйымдарды аттестаттаудан өткізу;

9) мемлекеттік емес ғылыми үйымдарды аккредитациядан өткізу;

10) ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілерді өзірлеу;

**11) алып тасталды**

12) осы Заңның 22-бабының 1-тармағында аталған объектілерге мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

13) алынып тасталды - ҚР 2007.07.27 N 320 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

14) біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрларға мемлекеттік аттестаттау жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

15) алынып тасталды - ҚР 2007.07.27 N 320 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

16) мемлекеттік мерзімді ғылыми-техникалық басылымдар мен басқа баспа өнімдерін, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде басып шығаруға арналған баспа өнімдерін басып шығарудың орындылығын айқындау;

17) бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, іргелі және қолданбалы зерттеулердің аяқталған тақырыптары мен бағдарламаларын, қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларды мемлекеттік тіркеу ережелерін бекіту және оларды мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету;

18) Қазақстан Республикасының Үкіметіне ғылыми кадрларды даярлау мен аттестаттау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу жатады.

2. Үәкілетті мемлекеттік орган және өзге де орталық атқарушы органдар өздерінің өкілеттіктері шегінде:

1) мемлекеттік ғылыми ұйымдар құру туралы ұсыныс енгізеді;

2) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар бойынша міндеттемелерді іске асырады;

3) ғылым саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

**4) алып тасталды**

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.27 N 320 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**19-бап. Ғылыми ұйымдарды аттестаттау**

1. Ғылыми ұйымдарды аттестаттау олардың негізгі қызметінің тиімділігін анықтау және материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын ұтымды пайдалану, осы негізде олардың желісі мен құрылымын ретке келтіру, ғылыми кадрлар даярлау жөніндегі жұмыстың тиімділігін бағалау үшін жүзеге асырылады.

2. Барлық ғылыми ұйымдар кем дегенде бес жылда бір рет аттестатталуға тиіс.

**3. алып тасталды**

**4. алып тасталды**

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.

N 13 **Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).**

#### **20-бап. Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациялау**

1. Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациялау отандық ғылым мен техниканың бәсекелестік деңгейін қолдау мақсатында жүргізіледі.

**2. алып тасталды**

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.

N 13 **Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).**

#### **21-бап. Ғылыми ұйымды басқару**

1. Ғылыми ұйымды басқару Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес және оның құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Ғылыми ұйымның басшысын қызметке тағайындау және қызметтен босату осы ғылыми ұйымның ғылыми кеңесінің ұсынымдарын ескере отырып жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік ғылыми ұйымда ғылыми мекеменің ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет жөніндегі консультациялық-кеңесші органдар - ғалымдар (ғылыми, ғылыми-техникалық, техникалық) кеңесі құрылады.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.

N 13 **Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).**

#### **22-бап. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама**

1. Міндетті мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектілері:

1) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларының жобалары мен жеке жобалары;

2) Қазақстан Республикасында салынатын өндірістік-технологиялық кешендердің жобалары;

3) республикалық нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламалар;

4) жеке және занды тұлғалардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы жобалары;

5) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын аяқталған ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың нәтижелері;

6) мемлекеттік ғылыми және басқа ұйымдардың жекешелендіру кезіндегі материалдары (пайдаланылатын технологиялар белгіндегі);

7) мемлекеттік мұқтаждар үшін шетелдік техника мен технологияның импорты жөніндегі жобалар;

8) ғылым мен техника саласында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтарын алуға ұсынылатын жұмыстар болып табылады.

## **2. алып тасталды**

3. Міндettі мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама обьектілері бойынша мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізуге арналған қаражат ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті қаржыландыруға бөлөтін бюджет қаражаттары шегінде көзделеді.

**Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **23-бап. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті ақпараттық қамтамасыз ету**

1. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ғылыми-техникалық ақпарат алуға құқығы бар.

Мемлекеттік немесе қызметтік құпия болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық ақпаратқа қол жеткізу Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Мемлекет ғылым мен техника саласында мемлекеттік ақпарат жүйелерінің құрылудын және жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, олар ғылыми және ғылыми-техникалық ақпаратты жинауды, талдап қорытуды, сақтауды және тұтынушыларға жеткізуді жүзеге асырады.

## **3. алып тасталды**

**Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **24-бап. Ғылым мен техника саласындағы инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау**

1. Мемлекеттік ғылым мен техника саласында инновациялық қызметті жүзеге асыратын барлық ұйымдарға олар үшін тең жағдай жасау жолымен қолдау көрсетуге кепілдік береді.

2. Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау:

1) технологиялық дамудың, инновациялық басымдықтардың ұзак мерзімді стратегиясын айқындау, инновациялық бағдарламалар өзірлеу;

2) мемлекеттің басым инновациялық жобаларды, соның ішінде конверсиялық жобаларды қаржыландыруға қатысуы;

3) инновациялық құрылымды - технопартерді, технологиялық инкубаторларды, инновациялық орталықтарды, инновациялар бойынша деректер банктерін дамытуға жәрдемдесу;

4) инновациялық менеджерлердің оқуын ұйымдастыру;

5) инновациялар және технологиялар трансферті, санаткерлік меншікті қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу;

6) түпкі ғылыми-техникалық өнімге бағытталған инновациялық қызметті басымдықпен қолдау бағыттарында іске асырылады.

## **25-бап. ҒЫЛЫМ мен білім беруді интеграциялау**

Жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ғылыми-зерттеу институттары, проблемалық ғылыми-зерттеу зертханалары, басқа да ғылыми бөлімшелер, ал ғылыми ұйымдар құрамында жоғары оқу орындарының кафедралары құрылуы мүмкін.

## **5-тaraу. ҒЫЛЫМДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ**

### **26-бап. Ғылымды және ғылыми-техникалық қызметті қаржымен қамтамасыз ету**

1. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті қаржымен қамтамасыз ету қаржыландырудың әртүрлі көздеріне негізделеді.

2. Иргелі және басым қолданбалы зерттеулерді дамыту, ғылыми әлеуетті сақтау мен дамыту үшін бюджет қаражатын бөлу көзделеді.

Іргелі, бастамашылық және тәуекелді зерттеулерді республикалық бюджет қаражаты мен Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен гранттар түрінде нысаналы қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі Ғылым қорын құрады. Ғылым қоры туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің өз қаржы ресурстары, демеушілерден тартылған қаражаттар мен қайырмалдықтар есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет ұлттық және шетелдік демеушілерден алынатын гранттар есебінен жүзеге асырылуы мүмкін. Жеке тұлғалар да, заңды тұлғалар да демеушілер бола алады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бойынша немесе Қазақстанның аумағында орналасқан шетелдік демеушілерден алынған гранттар ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласында ұлттық мұдделерге зиян келтірілмей, гранттар беру шарттарының ережелеріне сәйкес пайдаланылады.

5. <\*>

6. Басым ғылыми зерттеулер жүргізуге мемлекеттік тапсырысты бағдарламалық-нысаналы принципке сәйкес конкурстық негізде, тиісінше аттестаттаудан не аккредитациялаудан өткен мемлекеттік және мемлекеттік емес ғылыми мекемелерге орналастыруға болады.

7. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру:

- 1) іргелі ғылыми зерттеулер;
- 2) басым қолданбалы ғылыми зерттеулер;

3) республиканың ұлттық қауіпсіздігі мен тәуелсіздігіне сай келетін зерттеулердің стратегиялық бағыттары;

4) ғылымды, техника мен технологияны дамытудың басым бағыттары бойынша мемлекеттік нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламалар;

5) халықаралық бағдарламалар шеңберінде зерттеулер жүргізу үшін жүзеге асырылады.

Мемлекет мемлекеттік ғылыми инфрақұрылымды дамытуды және бірегей ғылыми-техникалық объектілерді сақтауды жүзеге асырады және ғылыми үйымдар үшін ғылыми жабдықтар сатып алуға Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес субсидия берे алады.

8. Ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық бағдарламаларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ұсынылатын бағдарламаларға және ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне міндettі түрде мемлекеттік ғылыми және ғылыми-техникалық сараптама жүргізіле отырып, конкурстық негізде жүзеге асырылады.

9. Қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру заем қаражаттары есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі).

## **27-бап. Мемлекеттік ғылыми үйымдарды иеліктен шығару**

Іргелі зерттеулер жүргізетін мемлекеттік ғылыми үйымдар иеліктен шығаруға жатпайды.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - КР 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **6-тaraу. ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ КАДРЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

### **28-бап. Ғылыми және ғылыми-техник кадрлар даярлау**

1. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті кадрлармен қамтамасыз ету осы саладағы мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Мемлекет білім беру үйымдарында және ғылыми үйымдарда ғылыми кадрлар даярлауды үйымдастырады, осы мақсат үшін қажетті қаржы ресурстарын бөледі. Магистратураға және докторантурасында жеке және занды тұлғалардың қаражаты есебінен қабылдауға жол беріледі.

Ескерту. 28-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

### **29-бап. Ғылыми біліктілікті арттыру нысандары**

Білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ғылыми үйымдар белгіленген тәртіппен магистратура, докторантура ашуға, ғылыми қызметкерлердің тағылымдамасын үйымдастыруға және біліктілікті арттырудың басқа да нысандарын пайдалануға құқылы. Мемлекет ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын үйымдардың жұмыс істеуі үшін тең мүмкіндіктер жасайды.

**Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **30-бап. Ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау**

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың академиялық дәрежелер мен ғылыми атақтар алуарына құқықтары бар.

Жоғары білікті ғылыми және педагог кадрларды мемлекеттік аттестаттаудан өткізу, академиялық дәрежелер беру және оларға ғылыми атақтар беру тәртібін ғылым саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

2. Академиялық дәреже берілген немесе ғылыми атақ берілген адамдарға нысанын Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

Шет мемлекеттер берген академиялық, ғылыми дәрежелерді беру немесе ғылыми атақтарды беру туралы құжаттарды Қазақстан Республикасында тану ғылым саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.27 N 320 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **7-тaraу. ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКА САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ**

### **31-бап. Халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастық**

1. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасы заңдарының және халықаралық шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасында халықаралық және шетелдік ғылыми үйымдарды, шетелдік ғылыми үйымдардың филиалдарын құру халықаралық шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

3. Басқа мемлекеттерде берілген ғылыми дәрежелер Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен танылады.

**Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **8-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **32-бап. Ғылым саласындағы заңдардың бұзылғаны үшін жауаптылық**

Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы заңдардың бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

### **33-бап. Осы Заңның қолданысқа енгізілуі**

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
2. 6-баптың 4-тармағы 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті